

## 1. КІРІСПЕ

Көміртек моноксидтері негізінде органикалық қосылыстарды синтездеу – негізгі органикалық синтездің ауқымды, әрі болашағы өте зор саласы болып табылады. Бұл синтетикалық органикалық химияның маңызды саласы үздіксіз дамуда және жыл сайын оның практикалық мәні өсіп келеді. Көміртек моноксидтер негізінде дәрілік препараттарды, пестицидтерді, пластикалық массаларды, синтетикалық талшықтарды және т.б. синтездеу үшін қажетті құнды шикізат болып табылатын оттекті органикалық қосылыстардың барлығын дерлік алуға болады. Көміртек моноксидтерін негізгі өнеркәсіптік органикалық синтездің шикізат қоры ретінде пайдалану табиғи ресурстарды ұтымды қолдануға және жоғарыда аталған өнімдерге деген халық шаруашылығының өсіп отырған сұранысын қанағат-тандыру мәселелерін табысты шешуге мүмкіндік береді. Республикамыздың көптеген өнеркәсіптік өндірістерінің (сары фосфор, кальций карбиді және т.б. өндірісі) көптонналық зиянды лақтырындысы болып табылатын көміртек моноксидін пайдалы өндірістік процеске пайдаланудың табиғатты қорғаудағы маңызы зор екендігін атап өткен жөн.

Ұсынылып отырған «Көміртек оксидтері негізіндегі синтездер» арнайы практикумын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар келтірілген. Жоғары оқу орындарының «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» және «Мұнайхимиясы» мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған.